«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

# АЛҒЫС ХАТ

***Құрметті Эльмира Иманкулова!***

*Сізге «QAZAQ BILIMI» ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналының дамуына елеулі үлес қосып, өз тәжірибелеріңізді еліміздің педагогикалық қауымымен бөліскеніңіз үшін шын жүректен алғыс білдіреміз!*

*Өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі сіңіріп жатқан қажырлы еңбегіңізге табыс, отбасыңызға береке, бірлік тілейміз!*

**Құрметпен,**
**Бас редактор** **Н. Куандыков**

*Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл*

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
«QAZAQ BILIMI» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

# СЕРТИФИКАТ

## Эльмира Иманкулова

**«QAZAQ BILIMI»** республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналының
2020 жылғы қазан айындағы №10(37) санында
**«Үздік педагогикалық мақаласы»** атты конкурсының жинағына
**«Түймеқыз бен эльфтардың сиқырлы елі»**
тақырыбында материалы енгенін растайды

Тіркеу номері

№ 2020 10(37)-368-QK

Атқарушы директор

Ғ. Замбаева

Нұр-Сұлтан, 2020 жыл



**ЭЛЬМИРА ИМАНКУЛОВА,**
МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай бақшасының музыка жетекшісі
Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы

# ТҮЙМЕҚЫЗ БЕН ЭЛЬФТАРДЫҢ СИҚЫРЛЫ ЕЛІ

**Мақсаты:** Ән айту дағдыларын қалыптастырып, оның характерлерін эмоция арқылы білдіруге үйрету. Музыкалық және шығармашылық қабілеттерін музыкалық іс-әрекеттің түрлері (ырғақтық дағдылар, тыңдау, ән айту, муз. дидактикалық ойындар) арқылы дамыту. Тәрбиеленушілер арасындағы коммуникациялық қарым-қатынасты ән, би, ойындар арқылы тәрбиелеу. Түрлі характерді музыкаларды қабылдау арқылы эмоциялық әсер ақлдыру.

Муз. **Шостаковичтің «Кішкентай полька»** (Балаларды музыка ырғағына сай залға кіргізу)

**Музыкалық амандасу жаттығуы: «Қайырлы таң!»**

Қайырлы таң!
Күлімде сен маған!
Күні бойы бәріміз,
Көңілді боп жүреміз.

**Музыка жетекшісі:** Балалар, сендер сиқырға сенесіңдер ме? Мен бүгін сендермен бірге гүлдер алқабына саяхат жасағым келіп тұр. Менімен барасыңдар ма? Ал біздерді алдымызда ұзақ жол күтіп тұр. Жолға шықпас бұрын, алдымен дем алып, дауысымызға жаттығу жасайық.

**Артикуляциялық жаттығу: «Тіл»**

Балалар, гүлдер еліне бару үшін біздер де гүлдер сияқты болып, гүлдерге ұқсауымыз қажет. Сендер түймедақ гүлін білесіңдер ғой. Ендеше, сендер үлкен түймедақ гүлі боласыңдар. Ал мен сендерді үрген кезде, сендер түймедақтың кішкентай түйіршіктеріне айналасыңдар. (Балалар ортада бір үймеге жиналып отырады. Музыка жетекшісі балаларға қарай үреді. Балалар жан-жаққа ұшады. Шеңбер бойымен, аяқ ұшымен қимылдр жасайды)

**Муз. ритмикалық қимылдар: «Гүлдер»**

(Балалар гүлге отырады. Муз. композициянын ырғағына сай жәй, нәзік қимылдар жасайды: гүлдер ұйықтайды, оянады, ашылады, билейді)

**М. Ж. :** Міне, біздер гүлдер алаңқайына жеттік.

**1-слайд: «Гүлдер алаңқайы»**

**М. Ж. :** Қараңдаршы, балалар қандай әдемі!

**2-слайд: «Көңілсіз Түймеқыз»**

**М. Ж. :** Балалар, гүлдің ішінде біреу отырған сияқты. Ол кім деп ойлайсыңдар? Ия, бұл Түймеқыз. Оның қандай көңіл-күйде екенін маған айтыңдаршы. (Көңілсіз әуен естіледі. Балалар Түймеқыздың көңіл-күйінің қандай екенін айтады.

**М. Ж. :** Түймеқыз, айта қойшы, саған не болды?

**Түймеқыз (аудио):** Сәлем, балалар! Менің достарым бар. Олар Эльфтар. Және олардың әрқайсысының өздерінің үйлері-гүлдері бар. Күндердің бір күндерінде біздер достарымызбен аспанда ұшып жүріп ойнадық, көңіл көтердік. Сол уақытта ашулы өрмекші олардың гүлдерін ұрлап алып кетті. Біз енді не істейміз?

**М. Ж. :** Түймеқыз, сен мұғайма. Балалар, Түймеқыз бен оның доастарына гүлдерді табуға көмектесеміз бе? Ендеше гүлдер алаңқайынан ашулы өрмекшінің торын іздейік.

**3-слайд: «Өрмекші торы»**

**М. Ж. :** Балалар, өрмекшіні көріп тұрсыңдар ма?

**4-слайд: «Өрмекші»**

**М. Ж. :** Ой, манағы Түймеқыз айтқан ашулы өрмекші мында отыр екен. Одан неге гүлдерді ұрлағанын сұрайықшы.

**Өрмекші (аудио):** Мен, тордың ішінде жалғыз өзім өмір сүріп шаршадым. Мен Эльфтармен бірге дос болып, олармен бірге гүлдердің ішінде өмір сүргім келді. Бірақ олар маған гүлдің ішінде тек Эльфтар өмір сүреді деген соң, ашуым келді. Және менімен ешкім дос болғысы келмейді. Сол себеппен алып кеттім.

**М. Ж. :** Өрмекші, адамдар үйде, эльфтар гүлдің ішінде, ал сен өз торыңның ішінде өмір сүруің керексің ғой. Сен оларға ренжіме, жарайды ма? Сенімен біздің балалар дос болады. Гүлдерді өз иелірне қайтаршы.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ

# ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

**Білім беру жүйесіндегі шығармашылық еңбегі және жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін**

**Иманкулова Эльмира Нарынбаевна**

**М А Р А П А Т Т А Л А Д Ы**

**Бөлім басшысының міндетін атқарушы** **А.Кадырбекова**

Тіркеу № 2674

***Абай ауылы, 2024 жыл***

AMANAT

# АЛҒЫС ХАТ

***Құрметті***

***Эльмира Нарынбайқызы!***

*Сізді, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтаймын! Әр ұлт, әр халық үшін тәуелсіздіктен артық қасиеттіде қымбат ештеңе жоқ. Еліміз алып, құқықтық, дербес демократиялық мемлекет ретінде әлемге танылды.*

*Сізге, өркениет көшіне ілескен еліміздің гүлденуімен көркейту бағытындағы еңбегіңіз үшін алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта да, жетекші ұйымның сапында аудан халқының денсаулығын сақтаумен нығайту жолында бар күш-жігеріңізді жұмсайтыныңызға сенімім мол.*

*Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, күш-қуат тілеймін!*

**«AMANAT» партиясы**
**Келес аудандық**
**филиалының төрағасы** **А.Жұмабеков**

***Абай ауылы – 2023 жыл***